

ШЕТЕЛ ӘДЕБИЕТІН ЗЕРДЕЛЕУГЕ ЖОЛ АШҚАН ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

Анар Бүркітбаева,

Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты

Ешбір ұлт әдебиеті өздігінен жеке дара дамымайтыны хақ. Бұл орайда қазақ халқының басқа ұлт әдебиеттерімен тығыз байланыста дамып, өсуін айтуымызға болады. Туысқан халықтар әдебиеттері арасындағы әдеби байланыс тақырыбы-өзектілігін жоймайтың келелі мәселенің бірі. Қазақ әдебиетінің қарақалпақ әдебиетімен, шығыс әдебиетімен үндестігін әдебиеттерді салыстырып таразылау тұрғысынан олардың өзара шығармашылық үндестігі мен рухани сабақтастығын зерттеу нысанын алған ғалым ол- филология ғылымдарының кандидаты, профессор Жоламан Қобланов.

Қобланов Жоламан Таубайұлы 1964 жылы 20-мамырында ҚҚАССР-дың Хожелі қаласында дүниеге келген. 1989 жылы Т.Г. Шевченко атындағы Нөкіс мемлекеттік университетіне оқуға түсіп, «филолог, қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1989-1991 жылдары Хожелі педагогикалық училищесінде оқытушы, 1991-1996 жылдары Әжінияз атындағы Нөкіс педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқытушы, 1997-1999 жылдары Ш.Есенов атындағы Ақтау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында аға оқытушы, кафедра меңгерушісі болып жұмыс істеуден бастады. 1999-2007 жылдары Алматы «Қайнар» университетінің Ақтау филиалындағы «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі, 2007-2008 жылдары Маңғыстау «Болашақ» институтының доценті қызметтерін атқарды, ал 2008 жылдан осы уақытқа дейін Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Қазақ филологиясы» кафедрасында доцент, профессор болып қызмет етеді.

Бүгінде қазақ әдебиеттануында бірегей орны бар профессор Жоламан Таубайұлының 1994 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер» тақырыбында қорғаған кандидаттық диссертациясынан бастау алған ауқымды еңбектерін, 2012 жылы «Қазақ-қарақалпақ драматургиясының кейбір мәселелері», 2015 жылы «Фольклор – источник вдохновения», 2016 жылы

«Жемчужина народного наследия», 2022 жылы «Ұлттық драматургиядағы фольклорлық негіздер», 2023 жылы «Фольклорные основы в национальной драматургии» атты аталатын ғылыми зерттеулері мен монографияларын айтуымызға болады.

Профессор Жоламан Таубайұлының отандық және шетелдік басылымдарда жарық көрген 200-ден астам ғылыми мақалалары, 20-дан астам ғылыми еңбектері еліміздің ғылымы мен өркениетіне өлшеусіз үлес қосқан қарымды еңбектер екенін айқын көруге болады. Ғалымның 10 -нан аса мақаласы халықаралық жоғары импактфакторлы журналдарда (Thomson Reuters және Scopus) жарияланды.

Ұстаздық миссиясына қашан да адал профессор 1997 жылдан бері ғылыми ортада, университет қабырғасында магистрант, докторанттарға дәріс оқып келеді. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеніз» деп Абай тәмсілінде айтылғандай, терең білімді, озық әдіскер, әмбебап эрудициясымен студенттер қауымын шынайы баулыған ұстаздың ерекшелігі - студент жастарды ғылымға жетелеуінде. Қазіргі таңда «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарының студенттері мен магистранттарына «Ежелгі және хандық дәуір әдебиеті», «Абайтану», «Шетел әдебиетінің тарихы», «Шығыс халықтарының әдебиеті», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Қазіргі әдеби процесс», «Абай: дәстүр және жаңашылдық» пәндерінен студенттерге дәрістер мен практикалық сабақтар жүргізеді.

Ж.Т.Қобланов – ғылыми еңбектермен қатар, қазақ тілінде тұңғыш жазылған бірнеше оқу құралдары мен оқулықтары өз алдына бір төбе сүбелі еңбектер қатарында. Атап айтқанда, 2001 жылы «Фолиант» баспасынан «Шығыс әдебиетінің тарихы», 2004 жылы «Қазақ университеті» баспасынан «Шетел әдебиеті тарихы» оқулықтары, 2008 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен кәсіптік білім беретін колледждерге «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2010 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2011 жылы ҚР БЖҒ министрлігі жоғары оқу орындарының «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Филология» мамандықтарына негізгі оқулық ретінде бекітіп, «Дәуір» баспасынан жариялаған «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы, 2012 жылы республикалық оқу-әдістемелік Кеңестің шешімімен шыққан «Шетел әдебиеті тарихы» оқу құралы, 2012 жылы ҚР БЖҒ министрлігі ұсынысымен «Кәсіптік білім» сериясында «Фолиант» баспасынан жарық көрген «Шетел әдебиеті тарихы» оқулығы (2-басылым), «Түркі халықтары әдебиетінің тарихы» оқу құралы (РОӘК), 2013 жылы «Антикалық әдебиет» (РОӘК) және «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Шетел әдебиеті тарихы» пәндерінен дайындаған

электронды оқулықтары мен «Әдебиеттану ғылымындағы мектептер», «Абайтану» курстарына арналған оқу-әдістемелік нұсқаулықтары, 2015 жылы «Шығыс әдебиетінің тарихы» (РОӘЖ), «Антика әдебиеті» (2-басылым), «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (3-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2015 жылы «NUR-PRESS» баспасынан жарық көрген «Антикалық әдебиет» (3-басылым), «Шығыс әдебиетінің тарихы» (2-басылым) оқу құралдары, 2020 жылы «Лантар-Трэйд» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (4-басылымы) 3 томдық оқулықтары, 2024 жылы «Jogary Bilim» баспасынан шыққан «Шетел әдебиетінің тарихы» (ҚРҒЖБМ) (5-басылымы) 3 томдық оқулықтары да Ж.Т.Қоблановтың тәуелсіз Қазақстанның ертеңгі болашағы болған жас мамандарға білім берудегі тынымсыз еңбегінің нәтижесі екендігі сөзсіз.

Ғалымның құрастыруымен жарық көрген «Шетел әдебиетінің тарихы» оқулығында ежелгі грек және рим әдебиеті, Қайта өрлеу дәуірі мен классицизм әдебиеті өкілдерінің басты шығармалары талданып, олардың өз кезіндегі рухани қызметі сараланады. Әрбір әдеби кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайына, тарихи оқиғаларына шолу жасалынып, әдебиеттің даму тенденциясы осы жағдайлармен байланыстырыла көрсетіледі. Шетел әдебиетін зерттеушілерге бағдаршам болатын ғалым еңбектерінің теориялық талқылануы, дәлелді дәйектермен келтірілуі оқулықтың құндылығын, қажеттілігін арттыра түседі.

Ғалым еңбектеріне шолу жасар болсақ, Жоламан Таубайұлы өз еңбектерінде шетел әдебиетін зерттеудің методология мәселесіне ерекше мән береді. Біріншіден, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқылмайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдей білді.

Екіншіден, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

Үшіншіден, әлемдік ғылымдағы жүйелілік, сабақтастық, шынайылық қағидатын ұстанып, қазақ әдебиеті мен шығыс әдебиеті фоль-клорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

Төртіншіден, салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының айнасы саналатын қазақ-қарақалпақ әдебиетінің асыл арқауын, негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады. Бұл еңбектер ғалым Жоламан Қобылановтың шығыс әдебиетін,

шетел әдебиетін кезең-кезеңімен жүйелеген жаңа биікке көтерген ғалым екенін айғақтайды.

Жоламан ағай-қоғам белсендісі. «SCI-ARTICLE.RU» және «Проблемы современной науки и образования» т.б. халықаралық ғылыми журналдарының редколлегия мүшесі, Ақтау қалалық «Қазақ тілі» қоғамының басқарма мүшесі.

Ұлт алдындағы парызына, ұстаздық еңбегіне қашан да жауапты қараған профессор ұстаздың ғылыми жеткен жетістіктері де аз емес. Ол-2014 жылғы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. 2016 жылы оқулықтар мен оқу құралдарын жазудағы көп жылғы еңбегі үшін ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы қола медалімен», «Қазақстан Республикасы Прокуратурасына 25 жыл» медалімен, 2019 жылы ҚР ЖОО Қауымдастығының «Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен», Маңғыстау облысы әкімдігінің «Жыл ғалымы» атағымен, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, КТИУ ректорының Алғысхаттарымен марапатталған.

Өз ісіне ұқыпты, мінезі жайлы, көпшілікпен тіл табыса білетін ғалым ұстазымызға шалқар шабыт, шығармашылық ізденіс, еңбегіне толағай табыстар тілейміз.